



Asian Development Bank

**ЦАРЭС I КӨЛІК КОРИДОРЫ  
(Жамбыл облысындағы учаске) [Батыс Еуропа – Батыс Қытай Халықаралық  
транзиттік коридоры] ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА – 2-ЖОБА**

**БОЙЫНША**

**ЖОБА ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ ДЕЛДАЛДЫҢ**

**ҚАРАСТЫРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ**

**АДБ заемы: 2562-KAZ (22 қазан 2008 ж.)**



Қаңтар 2010 ж.

## ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

АДБ	Азия даму банкі
ЦАРЭС	Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастық ұйымы
ТКЦЗ	Орталық және Батыс Азия Департаментінің көлік және коммуникациялар бөлімі
ЕҚҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
ҚОБЖ	қоршаған ортаны басқару жоспары
ИДБ	Ислам даму банкі
КАРМ	Қазақстандағы тұрақты өкілдік
км	километр
ҚКТ	Қаржыландырудың көптранштық тетігі
ККМ	Көлік және коммуникациялар министрлігі
ҮЕҰ	үкіметтік емес ұйым
ОД	операциялық департамент
ЖАДО	Жобалар жөніндегі Арнайы делдалдың офисі
ЖБК	жобаны басқару жөніндегі консультант
ҚБЕ	қарастыру және бағалау туралы есеп
ЖАД	Жоба жөніндегі Арнайы делдал

Бұл Құжат ағылшын тілінен орыс және қазақ тілдеріне аударылды. Ағылшын тілі Азиялық даму банкінің ресми тілі болып табылады, сондықтан бұл құжаттың ағылшын тіліндегі түпнұсқасы жалғыз шынайы (яғни ресми және дұрыс) мәтіні болып табылады. Сілтемелер бұл құжаттың ағылшын тіліндегі түпнұсқасына жасалуы тиіс. Азиялық даму банкі аударманың дәлдегәне кепілдік бермейді және түпнұсқадан ауытқушылықтар үшін жауап бермейді.

## МАЗМҰНЫ

	<b>Бет</b>
ТҮЙІН	iii
КАРТА	iv
I. ҚЫСҚАША АҚПАРАТ	1
A. Жоба	1
B. Шағым	1
C. Құқық өкілеттігін анықтау	2
II. ШОЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ	2
A. Мақсаттар және әдіснама	2
B. Мүдделі тұлғаларды анықтау	3
C. Сұрақтарды анықтау	6
D. Нұсқаларды анықтау	7
E. Мәселенің шешілу ықтималдылығын бағалау	8
III. ҰСЫНЫСТАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖОСПАРЫ	8
A. Ұсыныстар	8
B. Ұсынылатын іс-әрекеттер жоспары	8
C. Ұсынылатын график	9
Қосымша Негізгі ережелер	11

## ТҮЙІН

«ЦАРЭС Көлік Коридоры (Жамбыл облысындағы учаске<sup>1</sup>) [Батыс Еуропа – Батыс Қытай Халықаралық транзиттік коридоры] Инвестициялық бағдарламасы – 2-Жоба Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЦАРЭС) Көлік коридорының Қазақстандық бөлігіндегі жол учаскелерін қайта жаңартуды, коридордың халықаралық жол қозғалысына сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін айналма жолдардың құрылысы мен жаңа профильдерді көздейді. Азия даму банкі (АДБ) 125 километрді (км) қайта жаңарту үшін 30 желтоқсан 2008 жылы 340 миллион АҚШ доллары мөлшерінде бірінші траншты және 79 км-ді қайта жаңарту үшін 7 қазан 2009 жылы 187 миллион АҚШ доллары мөлшерінде екінші траншты мақұлдады. Көлік және коммуникациялар министрлігі (ККМ) атқарушы агенттік, ККМ жанындағы Автомобиль жолдары комитеті – жобаның іске асырылуы үшін жауап беретін агенттік, және Жамбыл облысының Жол комитеті – 2-заем траншының іске асырылуы үшін жауап беретін бөлімше болып табылады. Жобаны АДБ Орталық және Батыс Азия Департаментінің көлік және коммуникациялар бөлімі басқарады.

5 қараша 2009 ж. Жобалар жөніндегі Арнайы делдалдың офисіне (ЖАДО) жобаның екінші траншы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқан Жаңатұрмыс ауылынан шағым келіп түсті. Шағымның жіберілуіне «Тараз Баспасөз клубы» ҚБ үкіметтік емес ұйымы себін тигізді. ЖАДО шағымды 10 қараша 2009 ж. тіркеді. Арыз берушілер мал өтетін өткелдердің санына және ауыл шаруашылығы машиналары өтетін жолға қатысты қам жейтінін білдірді, олардың құрылысының салынатынына олар күмәнді болатын. 3 желтоқсан 2009 жылы ЖАДО шағымның Есептілік тетігінің Кеңестер жүргізу сатысының құқық өкілеттігінің барлық критерилеріне жауап беретінін айқындады. Шолу және бағалау 2010 жылдың 17 қаңтарынан бастап 28 қаңтарына дейін жүргізілді.


Бастапқы шағым хатқа қол қойған екі тарап ресми арыз берушілер болып табылады. Олар, кемінде, мал өтетін екі өткел және ауыл шаруашылық машиналарына арналған өткізу жолы туралы өтінішке қол қойған ауылдың басқа да 30 тұрғынына өкілдік етеді, бұл туралы олар алдыңғы кеңес жүргізулер кезінде де сұраған еді. Олардың көңіл аударатындары: жайылымға бару мүмкіндігі; ауыл шаруашылық техникасының қауіпсіз өтуі; ауыл тұрған жолдың солтүстік жағына оңтүстік жақтан тартылатын сәйкесті су құбырлары; кіріс жолдар; және жоба туралы ақпарат алу.

ЖАДО, төменде келтірілген бірнеше факторларды қарастырып шығып, шағымда көтерілген сұрақтарды кеңес жүргізу үрдісі арқылы шешудің негізделген ықтималдылығы бар деген қорытындыға келді: (i) барлық тараптар шағымда көтерілген сұрақтарды қысқа мерзімнің ішінде шешуге және мәселені шешу үрдісіне қатысуға дайын екенін білдірді; (ii) көптеген жалпы мүдделер бар (барлық мүдделі тараптарды жоба туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз ету секілділер); және (iii) тараптар басқалардың заңды деп саналмайтын мұқтаждықтары мен мүдделерін тануға және оларды қанағаттандыруға көмектесуге дайын екенін білдірді. ЖАДО қызметкерлерінен, халықаралық консультанттан және жергілікті консультанттардан тұратын тәуелсіз топқа кеңестер жүргізу үрдісін тездету және келісімдерді құжат түрінде ресімдеу ұсынылды.

---

<sup>1</sup> Облыс Қазақстанның негізгі әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады.

# KAPTA





## I. ҚЫСҚАША АҚПАРАТ

### A. Жоба

1. «ЦАРЭС Көлік Коридоры (Жамбыл облысындағы учаске<sup>1</sup>) [Батыс Еуропа – Батыс Қытай Халықаралық транзиттік коридоры] Инвестициялық бағдарламасы – 2-Жоба Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЦАРЭС) Көлік коридорының Қазақстандық бөлігіндегі жол учаскелерін қайта жаңартуды, коридордың халықаралық жол қозғалысына сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін айналма жолдардың құрылысы мен жаңа профильдерді көздейді. Азия даму банкі (АДБ) Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Жапония агенттігімен және Ислам даму банкімен бірге Қаржыландырудың көптранштық тетігін (қаржыландырудың түрін<sup>2</sup>) қолдана отырып, Жамбыл облысындағы 470 километрді (км) қаржыландырады. Қалған учаскелерді Еуропа қайта құру банкі (ЕҚҚДБ) және Бүкіләлемдік банк қаржыландырады. АДБ 125 км-ні қайта жаңарту үшін 30 желтоқсан 2008 жылы 340 миллион АҚШ доллары мөлшерінде бірінші траншты және 79 км-ді қайта жаңарту үшін 7 қазан 2009 жылы 187 миллион АҚШ доллары мөлшерінде екінші траншты мақұлдады. Көлік және коммуникациялар министрлігі (ККМ) атқарушы агенттік, ККМ жанындағы Автомобиль жолдары комитеті – жобаның іске асырылуы үшін жауап беретін агенттік, және Жамбыл облысының Жол комитеті – 2-заем траншының (жобаның) іске асырылуы үшін жауап беретін бөлімше болып табылады.

### B. Шағым

2. 5 қараша 2009 ж. Жобалар жөніндегі Арнайы делдалдың офисіне (ЖАДО) жобаның екінші траншы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқан Жаңатұрмыс ауылынан шағым келіп түсті. Жанатұрмыс Жамбыл облысының Тұрар Рысқұлов атындағы ауданында<sup>3</sup> орналасқан. Шағым орыс тілінде құрастырылған, оған үш тұлға қолдарын қойған және пошта арқылы ЖАДО-іне Манилаға жіберілген. Жамбыл облысының Тараз қаласында орналасқан «Тараз Баспасөз клубы» ҚБ үкіметтік емес ұйымының (ҮЕҰ) түсінік хаты, және қолмен жазылған орыс тіліндегі хат шағымның бір бөлігін құрайды. ҮЕҰ-ның хатында тағы бір ҮЕҰ - «ДЮК» ҚБ туралы айтылған. ЖАДО шағымды алғанын растады және құжаттар аударылғаннан кейін оны 10 қараша 2009 ж. тіркеді. Арыз берушілер мал өтетін өткелдердің санына және өздерінің ауыл шаруашылық техникасына арналған өткізу жолына қатысты қам жейтінін білдірді, жоба бойынша олардың құрылысының салынатынына олар күмәнді болатын. Олар өздерінің бұл сұрақтарды бұрын да, қоғамдық тыңдаулар кезінде көтергендерін хабарлады, бірақ өздерінің сұраныстарының қарастырылатынына сенімді болмаған.

<sup>1</sup> Облыс Қазақстанның негізгі әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады.

<sup>2</sup> «Қаржыландырудың көптранштық тетігі (ҚКТ) орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаны немесе клиенттің жоспарын қаржыландыруға арналған қаржыландырудың түрі болып табылады. АДБ Директорлар кеңесі ҚКТ-нің максималды сомасы мен қаржыландыру жүзеге асырылатын шарттарды мақұлдайды. Кеңестің мақұлдауының негізінде және клиенттің өтініші бойынша АДБ Басшылығы несие сомасының бір бөлігін талаптарға сәйкес келетін инвестицияларды қаржыландыру үшін транштар сериясына аударады. Транштың заем (бағдарламалық заемдарды немесе заемдарды қоспағанда), грант, кепілдік немесе АДБ қолдау көрсететін қосалқы қаржыландыру болуы мүмкін. Қаржыландыру шарттары түрлі транштар үшін әр түрлі болуы мүмкін. ҚКТ-нің жалпы сомасы АДБ-інің немесе оның клиенттерінің тарабынан жасалған заңды түрде міндеттейтін мәлімдеме болып табылмайды. (Заемдарға, гранттарға, кепілдіктерге немесе АДБ қолдау көрсететін қосалқы қаржыландыруға) аударылған сомалар ғана ресми міндеттемелер болып табылады, егер мақұлданса». <http://www.adb.org/projects/mff.asp>. Қаржыландырудың көптранштық тетігінің негізгі бағыттары туралы АДБ Кеңесінің құжаты туралы толығырақ ақпарат <http://www.adb.org/Documents/Policies/Multitranchise-Financing-Facility/r121-08.pdf> вебсайтында берілген (ағылшын тілінде ғана). Үкімет пен АДБ 700 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі баламадан аспайтын жалпы сомаға қаржыландыру туралы негіздемелік келісімге қол қойды. АДБ ҚКТ-ін 12 қараша 2008 ж. мақұлдады.

<sup>3</sup> Аудан облыстың құрамындағы әкімшілік-аумақтық бірлік болып табылады.

### **С. Құқық өкілеттігін анықтау**

3. ЖАДО шағымды АДБ Орталық және Батыс Азия Департаментінің Көлік және коммуникациялар бөлімімен және департаменттің экологымен талқылады және 2009 жылдың 20 қарашасынан 24 қарашасына дейінгі кезең аралығында құқық өкілеттігін анықтау үшін Қазақстанға миссия жіберді. Миссияның құрамына Жобалар жөніндегі арнайы делдал офисінің жетекші маманы мен аудармашы кірді. Миссия шағымның жіберілуіне себін тигізген екі ҰЕҰ-мен кездесті<sup>4</sup>, және ҰЕҰ-ның екі өкілімен, шағым жазуға құқылы екі тараппен, және тоғыз тұрғыннан тұратын топпен – барлығы болып 11 арыз берушімен – 22 қараша 2009 ж. бірлескен мәжіліс өткізді. Бұл кездесуде тұрғындар өздерінің талаптарын дәлдеп анықтайтын жазбаша сұранысын миссияға ұсынды. Бұл сұранысқа 30 тұрғын қолдарын қойған, олардың кейбіреулері кездесуге қатысты. Миссия сондай-ақ екі жобалау ұйымының инженерлерімен Алматыда кездесті және Таразда Жамбыл облысының Автомобиль жолдары комитетімен кездесу өткізді. Есептілік тетігі саясатының әр түрлі ерекше ережелерін тексергеннен кейін, Кеңестер жүргізу сатысының құқық өкілеттігінің критерилеріне шолу жасағаннан кейін және мәселені шешудің ықтималдылығын алдын ала бағалағаннан кейін, миссия шағымның Кеңестер жүргізу сатысының құқық өкілеттігінің барлық критерилеріне жауап беретінін айқындады.

4. Миссия өкілдік ету сұрағын ҰЕҰ-мен өткен кездесулерде және 22 қараша 2009 ж. бірлескен мәжілісте талқылады. Кездесуге қатысқан тоғыз тұрғын шағымды жазған екі тараптың өздеріне өкілдік етуін қалайтынын растады. Бұдан әрі шолу және бағалау сатысы басталғанға дейін ҰЕҰ-дардың ЖАДО мен арыз берушілердің арасындағы делдалдар ретінде әрекет ететіні туралы келісім жасалды. Арыз берушілердің хатында олардың құпиялылықты сақтау туралы сұрамайтыны көрсетілген еді, бірақ сонда да миссия құпиялылық сұрағын тұрғындармен талқылады, тұрғындар өздері үшін құпиялылықтың талқылау мәні жоқ екенін, және өздерінің аты-жөндерін көрсете беруге болатынын растады. Шағымға қолдарын қойған тараптар өздерінің шағым хатын ЖАДО-ның веб-сайтында<sup>5</sup> жариялауға ЖАДО-ға рұқсат берді.

## **II. ШОЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

### **A. Мақсаттар және әдіснама**

5. Шолудың және бағалаудың мақсаттары (i) шағымның тарихын зерттеу, (ii) негізгі мүдделі тараптарды растау, (iii) шағымның негізгі сұрақтарын анықтау, (iv) мүдделі тараптардың мәселелерді бірлесіп шешуге дайын екендігін айқындау және (iv) іс-әрекеттер жоспарын ұсыну болып табылды.

6. Шолу мен бағалауға кіретіндер: (i) жобалық құжаттардың камералды талдауы, Президенттің есебі мен ұсынысын, екінші траншты қаржыландырудың кезеңділік сұранысы туралы есепті, және қоршаған ортаны басқару жоспарын (ҚОБЖ) қоса; (ii) жобаға тартылған АДБ қызметкерлерімен интервью; (iii) мемлекеттік және облыстық жол комитеттерімен және жергілікті билік өкілдерімен интервью; (iv) жобалауды және жобаны басқару сұрақтары бойынша консультанттармен кездесу; (v) ҰЕҰ-мен кездесулер; және (vi) орынға бару арқылы бағалау; шағын топтарда 30 тұрғыннан бөлек интервью алу және

<sup>4</sup> Бастапқыда шағым хатқа қол қойған Тараз Баспасөз клубының өкілі ЖАДО құқық өкілеттігі критерилеріне сәйкес арыз беруші болып табылмайтындығын миссия түсіндіріп өтті. Тараз Баспасөз клубы жобаның мониторингімен шұғылданатын ҰЕҰ коалициясының мүшесі болып табылады. Коалиция АДБ, ЕҚҚДБ, ИДБ және Бүкіләлемдік банк учаскелерінің мониторингін жүргізеді.

<sup>5</sup> <http://www.adb.org/Documents/SPF/KAZ-Complaint-Letter.pdf>

талқылаулар, құқық өкілеттігін анықтау бойынша миссияға 22 қараша 2009 ж. ұсынылған сұранысқа қолдарын қойған 23 тарапты қоса, және сұранысқа қолдарын қоймаған 7 тарапты да қоса, оның ішінде екеуі әйел; және үкіметтік ұйымдардың, жобаның іске асырылуы үшін жауап беретін агенттіктің өкілдерімен, аудан және ауыл әкімдерімен<sup>6</sup> және АДБ қызметкерлерімен интервью. Интервью сауалнаманы қолдану арқылы жүргізілді. ЖАДО басшылығындағы топқа орыс тілінде сөйлейтін халықаралық делдал, екі тәуелсіз интервьюер және аудармашы кірді.

7. Қарастыру және бағалау туралы осы есепте (ҚБЕ) сұрақтар ЖАДО-ге түсіндірілген түрінде берілген және ол мүдделі тұлғаларға көмек көрсетуге арналған, олардың бір-бірінің мұқтаждықтарын, мүдделерін және міндеттерін жақсырақ түсінуі және мәселені шешу жөніндегі нұсқаларды қарастыруда оларға көмектесу үшін. Есеп жобаға қатысты сұрақтар бойынша шешім шығармайды, мүдделі тараптар топтарының немесе кейбір тұлғалардың бағалауын жүргізбейді, және сұрақтарды шешу тәсілі туралы ұсыныстар бермейді.

8. ЖАДО-нің рөлі әр түрлі мүдделі тараптармен қойылған сұрақтардың шешімін табуға көмектесу, сондай-ақ кеңестер жүргізу үрдісін бастау және оған басшылық жасау болып табылады. ЖАДО жобаға тартылған тараптарға көмек ұсынады, олардың сұрақтарын (i) арыз берушілердің шешім қабылдауы үшін негіз дайындау, (ii) кездесу және стратегияларды талқылау мүмкіндігін ұсыну, және (iii) шешім қабылдау үшін барлық тараптарға оңтайлы үрдістерді ұсыну арқылы шешу үшін. ЖАДО-нің міндеттемесіне барлық тараптарға құрметпен қарау және әділ үрдісті қамтамасыз ету кіреді. ЖАДО-нің рөлі тараптардың әрекеті, пікірі немесе ұғынуы дұрыс немесе бұрыс екендігі туралы шешім шығару, немесе қайсыбір тараптың пайдасына сөз сөйлеу болып табылмайды.

## **В. Мүдделі тұлғаларды анықтау**

### **1. Арыз берушілер**

9. Ресми арыз берушілер бастапқы шағым хатқа қолдарын қойған екі тарап болып табылады. Олар Жаңатұрмыс ауылында тұрады.<sup>7</sup> Екі арыз беруші, жаңартылған жолға қатысты, кемінде, мал өтетін екі өткел және ауыл шаруашылық машиналарына (астық жинау машиналары, комбайндар, тракторлар және т.б.) арналған өту жолы туралы сұранысқа қолдарын қойған басқа да 30 тұрғынға өкілдік етеді. Тұрғындардың көпшілігі фермер болып табылады және мал (қой, ірі қара мал және жылқы) ұстайды. Кішігірім ауыл шаруашылық өндірісі – бұл олардың күн көрісінің негізгі көзі. Тұрғындардың біреусі «Біз малсыз тұра алмаймыз» деді. Тұрғын ауыл жолдың солтүстік жағында орналасқан, ал ауыл шаруашылық алқаптары мен жайылымдар жолдың арғы жағында, оңтүстік жақта орналасқан. Малы бар әрбір фермер малды жолдың арғы жағына жайылымға шығарады, күніне кемінде екі рет – әдетте таңертең бір рет және түстен кейін немесе кеште бір рет. Бұл ауа райына және басқа да жағдайларға байланысты. 30 тұрғыннан алынған интервьюдің негізінде шағымда және сұраныс хатта айтылған негізгі мәселелер мынадай:

- (i) үй малының жайылымға ыңғайлы шығуын қамтамасыз ету;
  - (ii) ауыл шаруашылық техникасының жолдың бір жағынан екінші жағына сәйкесті және қауіпсіз жүріп өтуін қамтамасыз ету;
- жолдың оңтүстік жағынан солтүстік жағына қарай суды әр түрлі мақсаттар үшін

<sup>6</sup> Әкімдер аудан және ауыл басшылары болып табылады.

<sup>7</sup> Жаңатұрмыс жаңартылатын Жамбыл облысы учаскесінің бойында, Мерке мен Тараздың ортасында орналасқан. Жаңатұрмыс ауылы әкімінің ақпаратына сәйкес, Жаңатұрмыста 400 үй, 2 500 тұрғын, 10 000 қой, 900 бас ірі қара мал және 700 жылқы бар.



- бағыттау үшін (мысалы, үйлердің жанындағы бау-бақшаларды суару, малды суару, су тасқыны мен сел кезінде су алу үшін және т.б.) сәйкесті құралдармен қамтамасыз ету. Сұхбат жүргізілген тұрғындар бұл мақсат үшін қазіргі уақытта су өткізгіш құбырлардың саны жеткілікті деп санайды;
- (iii) машиналар мен ауыл шаруашылық техникасына арналған екі бағыттағы кіріс жолдар;
  - (iv) жалпы жоба туралы дер кезінде және толық ақпарат алу (мысалы, құрылыс графигі, құрылысқа байланысты жұмысқа тартылу мүмкіндігі, жобалаудың детальдары және т.б.); және
  - (v) барлық пайдаланушылар үшін жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

10. Интервью алынған тұрғындардың көпшілігі сұрақтарды қарастыру және мәселелерді шешу үшін өзге де мүдделі тараптармен кездесулерге немесе басқа да форумдарға қатысуға дайын болды. Олардың сұраныстары қанағаттандырылмайтын жағдайда не болуы мүмкін дегенге кейбір тұрғындардың пікірі мынадай болды:

- (i) тұрғындар үшін қосымша қиындықтар және бұдан әрі өмір деңгейінің төмендеуі,
- (ii) күн көру құралдарымен өзін-өзі қамтамасыз етуді жалғастыру мүмкіндігінің болмауы,<sup>8</sup>
- (iii) шағым беруді жалғастыру,
- (iv) жолдан өтіп жатқан адамдардан және жануарлардан болатын автожол оқиғалары,
- (v) жаңа автожолды заңды бұза отырып кесіп өтуге мәжбүр тұрғындарға салынатын айыппұл санкциялары мен алымдары, және
- (vi) болуы мүмкін “ереуілдер” немесе шерулер.

11. Бірақ та, тұрғындар сұрақтарды шешуге болатынына, және түбінде сұрақтардың бәрі қанағаттандырылатындай тәсілмен шешілетініне қатысты үлкен оптимизм сезімін білдірді. Бір ауыл тұрғыны былай деді: «Біз компромиске баруға дайынбыз – өзімізге де, жолға да не жақсы болса, соны істейміз».

## 2. Үкіметтік және қатысушы ведомстволар

12. Бірнеше үкіметтік ведомстволар мен ұйымдар шағымға қатысты сұрақтар бойынша шешім қабылдауға және/немесе мәліметтер мен мамандардың қорытындыларын беруге тартылған: (i) Жаңатұрмыс ауылының әкімі; (ii) Тұрар Рысқұлов атындағы ауданның әкімі; (iii) Жамбыл облысының орталығы болып табылатын Таразда орналасқан Жамбыл облысының Автожолдар комитеті; және (iv) Астанада орналасқан ККМ Автомобиль жолдары комитеті.

13. Шолу мен бағалау кезінде сұхбаттасқан үкімет органдарының барлық өкілдері жобамен байланысты сұрақтарды немесе мәселелерді, оның ішінде шағымда көрсетілгендерді де қоса, қарастыру сатысының бастапқы деңгейінде қарастырған және шешкен жөн болатындығымен келісті. Яғни, тікелей тартылған және ықпалға түскен жергілікті адамдар (азаматтар мен үкімет), жергілікті мәселелерді шешуге жарайды. Соның ішінде, егер сұрақтарды жергілікті деңгейде шешу мүмкін болмаса, онда жергілікті мүдделі тараптар ерқашан да үкіметтің жоғары органдарына жүгіне алады.

14. Үкімет органдарының өкілдері көрсеткен мәселелер:

<sup>8</sup> Ауыл тұрғындарының бірі былай деді: «Бұл мал өткелдері бізге өте қажет – бұл біздің күн көруіміздің сұрағы».

- (i) графиктерді ұстану және автожолдың жобасын дер кезінде аяқтау,
- (ii) жұмыстарды бюджеттің шеңберінде жүргізу,
- (iii) жергілікті тұрғындардың мұқтаждықтарын барынша қанағаттандыру,
- (iv) барлық мүдделі тараптарды автожолдың жобасы туралы толық ақпаратпен қамтамасыз ету, және
- (v) барлық пайдаланушылар үшін жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

15. Сондай-ақ шағымда көтерілген және мал өтетін өткелдер мен техниканың жүріп өтуіне, су шаруашылығына және кіріс жолдарға қатысты сұрақтар талқылау үшін заңды сұрақтар екендігін де барлығы растады (олардың шешімі бойынша осы уақытқа дейін бірыңғай пікір болмаса да). Шолу мен бағалау кезінде сұхбаттасқан үкімет органдарының барлық өкілдері сұрақтарды қарастыру және мәселелерді шешу үшін өзге де мүдделі тараптармен кездесулерге немесе басқа да форумдарға қатысуға дайын болды. Олар сондай-ақ шағымда көрсетілген барлық сұрақтарды нәтижесі барлық мүдделі тараптар үшін жарайтын тәсілмен шешуге болатына сенім білдірді.

16. Жоба бойынша әрекетті үйлестіру және жоспарлау үшін үкімет қаңтар айында жаңа «көшпелі жұмыс топтарын» (орысша *штаб*) құрды. Облыстық штабты Көлік және коммуникациялар вице-министрі басқарады, және оның отырыстары айына екі рет Таразда өткізіледі. Облыстық штабтың 16 қаңтардағы бірінші отырысына үкімет органдарының өкілдерінен басқа, жоба жөніндегі консультанттар, мердігерлер және ҰЕҰ («Тараз Баспасөз клубы» ҚБ-ін қоса) қатысты. Аудандықдық штабтарды (Жаңатұрмыс орналасқан Тұрар Рысқұлов атындағы ауданды да қоса) аудан әкімдері басқарады. Отырыстар апта сайын өтеді. Аудандық штаб өкілеттігінің бір бөлігі «жергілікті мәселелерді шешу» болып табылады.

### 3. Консультанттар және техникалық сарапшылар

17. Сонымен қатар жобаны басқару жөніндегі консультантпен (ЖБК) және жобалық шешімдерді дайындаған консультанттармен де интервьюлер жүргізілді.

18. Жолдың нақты учаскесіне жауап беретін консультанттар мен техникалық сарапшылар үкіметті өздерінің клиенті әрі шешім қабылдайтын бірінші тарап деп санайды. ЖБК мәселені шешу кезінде көмек қажет болған кезде шақырылады. Бұдан басқа, ЖБК тобының басшысы 16 қаңтар 2010 ж. өткен көшпелі жұмыс тобының (*штабтың*) бірінші отырысына қатысты. ЖАДО ЖБК-ты штабтың тұрақты мүшесі болады деп санайды.

### 4. Үкіметтік емес ұйымдар

19. Шағымға қатысты бірінші мүдделі тарап – ҰЕҰ – Таразда орналасқан «Тараз Баспасөз клубы» ҚБ болып табылады. Бұл ҰЕҰ жобаның іске асырылуының мониторингімен және жергілікті азаматтарға кеңестер жүргізумен шұғылданады. Оның негізгі міндеттері:

- (i) азаматтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеу және оларды қорғау;
- (ii) жобаның АДБ саясаттарына және Қазақстанның заңнамасына сәйкестілігін қамтамасыз ету;
- (iii) барлық мүдделі тараптарды автожолдың жобасы туралы толық ақпаратпен қамтамасыз ету, және
- (iv) басқа да мүдделі тараптармен, атап айтқанда үкіметпен және АДБ-мен конструктивті және келісілген өзара қатынастарды орнату және оларға қолдау көрсету.

## 5. Орталық және Батыс Азия Департаментінің көлік және коммуникациялар бөлімі (ТКЦЗ) және Қазақстандағы тұрақты өкілдік

20. ТКЦЗ жобаны басқару үшін жауап береді. Жобаның басшысы және эколог Манилада отырады. 2010 ж. қаңтар айының басында жобаның жаңа басшысы тағайындалды. Қазақстандағы тұрақты өкілдік (КАРМ) ТКЦЗ, ККМ және Автомобиль жолдары комитетінің арасында тұрақты байланыс жасауға көмектеседі. ТКЦЗ ірі жобаларды іске асырған кезде сұрақтар туындайтынын, олардың шешімі табылуы тиіс екендігін және шағымдар бағалы кері байланыс қызметін атқаратынын және жобаны одан әрі орындау үшін үлгі-өнеге алуға көмектесетінін атап өтті.

21. АДБ-нің негізгі міндеттері:

- (i) жобаның АДБ саясаттарына сәйкестілігін қамтамасыз ету,
- (ii) графиктерді ұстану және жобаны дер кезінде аяқтау,
- (iii) барлық мүдделі тараптарды автожолдың жобасы туралы толық ақпаратпен қамтамасыз ету, және
- (iv) басқа да мүдделі тараптармен (басқа да халықаралық қаржы мекемелерін қоса) конструктивті және келісілген өзара қатынастарды орнату және оларға қолдау көрсету.

### С. Сұрақтарды анықтау

22. Мүдделі тараптар жағдайларды қалай түсінгеніне қарай әр түрлі мәселелерді атап көрсетті – олардың кейбіреулері нақты физикалық күтулер мен өзгерістерге қатысты болса, басқалары жобаға немесе оны іске асыру тұрғысына қатысты ауқымды көзқарастардан тұрады. Бұл бөлімде әр түрлі мүдделі тараптармен айтылған пікірлер жиі қойылатын сұрақтардың мағынасы жағынан жалпыланған. Мақсат - тараптардың сұрақтарына сипаттама беру дегеніміз дұрысырақ, сұрақтарды әр түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастыру үшін, бұл сұрақтарды қабылдау немесе қабылдамау дегенді білдірмейді.

23. Сұрақтар келесідей топтар бойынша қойылады:

- (i) Жаңатұрмыс ауылының қасындағы мал өтетін өткелдердің саны және орналасатын жерлері,
- (ii) ауыл шаруашылық техникасының жолдың бір жағынан екінші жағына өтуі,
- (iii) су шаруашылығы және жаңартылған автожолдың астындағы су өткізгіш құбырлар,
- (iv) Жаңатұрмыс ауылының автомашиналарының жаңартылған жолға кіру жолдары, және
- (v) автожолдың жобасымен байланысты коммуникация.

24. **Жаңатұрмыс ауылының қасындағы мал өтетін өткелдердің саны және орналасатын жерлері.** Арыз берушілер мал өтетін екі өткел сұрады. Көптеген тұрғындар осындай екі немесе үш өткелдің қажет екенін растады. Көбіне көрсетілетін себеп – көп малды бір уақытта жолдан өткізу үшін осынша өткел қажет. Сондай-ақ тұрғындар кенеттен нөсер жаңбыр жауғанда немесе ауа райы жаман болған кезде мал жиналып қалады, өйткені барлық фермерлер мен малшылар өз табын-отарларын бір уақытта жаюға тырысады деп айтты. Әрі жолды кеңейтумен байланысты аса көп малды үйіру үшін жер жеткіліксіз болады. Бірақ та, осы сұраққа қатысты көптеген тұрғындар икемділік білдірді және өткелдердің мөлшеріне және орналасқан жерлеріне қарай және басқа да факторларды ескере отырып, келіссөздер жүргізуге болады деді. Тұрғындар жолдың

қазіргі кезде бар алдын ала жобасымен, мал өткелдерінің мөлшері мен орналасқан жерлерін анықтау стандарттары мен әдіснамасымен таныс емес.

**25. Ауыл шаруашылық техникасының жолдың бір жағынан екінші жағына өтуі.** Арыз берушілер ауыл шаруашылық машиналары үшін бір «үлкен көпір» сұрады. Бұл сұрақ олардың техникасының жолдан басқаша тәсілмен өте алмайды деген болжамына негізделсе керек. Жоғарыда көрсетіліп өткендей, мұндай мұқтаждық мынадан туындап отыр, олардың машиналары мен техникасының жолдың бір жағынан екінші жағына емін-еркін өту мүмкіндігі бар еді (ауылдан – танаптарға және керісінше). Тұрғындар жолдың қазіргі кезде бар алдын ала жобасымен таныс болмағандықтан, жаңартылған жолдан өту мүмкіндігі оларға түсініксіз.

**26. Су шаруашылығы және жаңартылған автожолдың астындағы су өткізгіш құбырлар.** Жоғарыда көрсетіліп өткендей, тұрғындарды жолдың оңтүстік жағынан солтүстік жағына қарай суды бағыттауға арналған сәйкесті құбырлармен қамтамасыз ету толғандырады.

**27. Жаңатұрмыс ауылының автомашиналарының жаңартылған жолға кіру жолдары.** Тұрғындар жаңартылған жолдың екі бағытындағы кіріс жолдардың қандай болатынын білгісі келеді.

**26. Автожолдың жобасымен байланысты коммуникация.** Жоғарыда көрсетіліп өткендей, тұрғындар жобалық шешімдер, құрылыс графигі, құрылысқа байланысты жұмысқа тартылу мүмкіндігі және жобаға қатысты басқа да сұрақтар туралы көбірек ақпарат алғысы келеді. Шолу мен бағалау кезінде интервью жүргізілген тараптардың барлығы дерлік жобаны іске асырудың барлық сатыларында барлық мүдделі тараптардың дер кезінде және толық ақпаратпен қамтамасыз етілуіне тілек білдірді.

#### **D. Нұсқаларды анықтау**

28. Шолу мен бағалау кезінде интервью жүргізген кезде, мүдделі тараптар шағымда көрсетілген сұрақтарды шешуге көмектесетін бір қатар ұсыныстар мен нұсқалар берді. Төменде ЖАДО осындай нұсқаларды жалпылайды, бірақ мұндай нұсқалар бойынша келісімнің немесе уәделесудің әлі де болса жоқ екенін атап көрсетеді. Нұсқалар талқылаудың байымдамасы ретінде ғана көрсетіліп отыр:

- (i) Арыз берушілер мен тұрғындарға жобаның детальдары туралы ақпарат беру, және оларға сұрақтары мен жауаптарын дайындау үшін уақыт беру.
- (ii) Қазіргі кезде бар жобалық шешімдерді қарастыру және жоспарланған мал өткелдері мен өткізу жолдарын ыңғайлырақ жерлерге ауыстыру.
- (iii) Жобалық шешімдерде аталған қосымша мал өткелдері мен өткізу жолдарының құрылысын салу.
- (iv) Жаңартылған жолдың астындағы бұрыннан орнатылған су өткізгіш құбырларды кеңейту.
- (v) Астынан мал табындары мен ауыл шаруашылық техникасы өте алатындай, көлемі жеткілікті түрде үлкен өткізу жолдарын салу (осылайша қосымша мал өткелдерінің саны азайтылады).
- (vi) Өткізу жолдарын орналастыру үшін табиғи жыра мен жылғаларды пайдалану.
- (vii) Бұрыннан орнатылған су өткізгіш құбырлардың орындарын жаңа мал өткелдері және/немесе өткізу жолдарының астынан жүріп өту үшін пайдалану.
- (viii) Тұрғындарды жолдың басқа жағына көшіру.
- (ix) Жобаның барлық сатыларында үнемі диалог құру, жүргізу және мәселелерді шешу үшін форум немесе басқа да тетік құру.

- (x) Жобаны іске асыру барысында, делдалдың немесе байланыстар жөніндегі маманның қолдауымен, бірлестіктерге ақпараттың және кеңестердің үнемі берілуін қамтамасыз ету.
- (xi) Штабтарды келешектегі шағымдарды қарастыру форумы ретінде пайдалану.

#### **Е. Мәселенің шешілу ықтималдылығын бағалау**

29. ЖАДО, төменде келтірілген бірнеше факторларды қарастырып шығып, шағымда көтерілген сұрақтарды кеңес жүргізу үрдісі арқылы шешудің негізделген ықтималдылығы бар деген қорытындыға келді: (i) барлық тараптар шағымда көтерілген сұрақтарды қысқа мерзімнің ішінде шешуге және мәселені шешу үрдісіне қатысуға дайын екенін білдірді; (ii) көптеген жалпы мүдделер бар (барлық мүдделі тараптар үшін жоба туралы нақты ақпаратпен қамтамасыз ету секілділер); және (iii) тараптар басқалардың заңды деп саналмайтын мұқтаждықтары мен мүдделерін тануға және оларды қанағаттандыруға көмектесуге дайын екенін білдірді.

### **III. ҰСЫНЫСТАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛАТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖОСПАРЫ**

#### **А. Ұсыныстар**

30. Басты мүдделі тараптарға конструктивті диалогқа қатысуға және шағымда айтылған сұрақтарға қатысты мәселерді шешуге мүмкіндік беретін бірлескен кеңестер жүргізу үрдісі қажет.

31. Барлық қатысушылар, атап айтқанда тұрғындар, конструктивті түрде қатыса алуы үшін едәуір дайындық керек. Бұдан әрі, топтың мәселелерді тиімді шеше алуы үшін кейбір негізгі деректерді және жоба туралы ақпаратты ұсыну, талқылау және түсіне білу қажет (мысалы, техникалық және/немесе қаржылық терминологияны анықтау, қазіргі кезде бар жобалық шешімдерді, жобаның графигін қарастыру). Арыз берушілер сондай-ақ өз мұқтаждықтарын және өздерінің ауылдағы өмір салтын сипаттап бере алады. Екі жақты ақпарат алмасу кеңес жүргізудің бір бөлігі болады және қатысушылардың егжей-тегжейлі талқылауының негізін құрады.

32. Құрылымдалған, ұжымдық кеңес жүргізу үрдісі барлық тараптармен келісілген ережелер бойынша және тәуелсіз делдалдың қатысуымен өтуі тиіс. ЖАДО консультантына және ЖАДО қызметкерлеріне тәуелсіз делдал болу ұсынылды. Қосымшада барлық отырыстар кезінде сақталуы тиіс негізгі ережелер ұсынылады. Бұл негізгі ережелер талқылауды талап етеді, және содан кейін кез келген уақытта барлық тараптардың келісімі бойынша оларға өзгерістер енгізуге болады. Кеңес жүргізулер бейтарап жерде өткізілуі тиіс.

#### **В. Ұсынылатын іс-әрекеттер жоспары**

33. Ұсынылатын іс-әрекеттер жоспары мүдделі тараптардың ұсыныстарына және олардың мәселелерінің шешімдеріне негізделеді. Осы шаралардың кейбіреулерін арыз берушілер, кейбіреулерін – үкімет ұсынды, ал кейбіреулері - ТКЦЗ тарапынан ұсынылды. Тізім толық болып табылмайды, және, егер қажет болса, әр түрлі мүдделі тараптар өзгерістер жөніндегі өз комментарийлері мен ұсыныстарын ұсынуы тиіс.

34. Іс-әрекеттер жоспары ретінде келесі шаралар ұсынылады:

- **1-кеңес жүргізу** АДБ операциялық департаментінің (ОД) (жобаның басшысы, эколог, КАРМ қызметкерлері), Автомобиль жолдары комитетінің, ЖБК немесе басқа да техникалық сарапшының, аудан және ауыл әкімдерінің, Жаңатұрмыс

ауылы тұрғындарының іріктелген тобының және бақылаушы ретінде ҰЕҰ екі өкілінің қатысуымен. Мұндай кеңес жүргізудің мақсаты болатындар: (i) қазіргі кезде бар жұмыс жобасын қарастыру, мал өткелдерінің санын, ауыл шаруашылық техникасына арналған өтпе жолдарды, су өткізгіш құбырларды, Жаңатұрмыс ауылының тұрғындарына арналған кіріс жолдарды қоса; және талап етілетін өзгерістер бойынша келісімге жету; (ii) Жаңатұрмыс ауылының ауданында құрылыстың жоспарлы басталуын айқындау; және (iii) болашақтағы корреспонденциямен және ақпаратпен алмасуды үйлестіру, міндеттер туралы ақпарат беру. Мұндай кеңес жүргізу Жаңатұрмысқа жақын орналасқан Мерке кентінде өткізілуі тиіс.

- **2-кеңес жүргізу** АДБ ОД-нің (жобаның басшысы, эколог, қоныс аудару маманы, КАРМ қызметкерлері) және АДБ учаскесінің мониторингімен шұғылданатын ҰЕҰ қатысуымен. Мұндай кеңес жүргізудің мақсаты болатындар: (i) жобаның іске асырылуын және жерлердегі мониторинг жүйелерін түсіндіру (жобалау, құрылысын салу, әлеуметтік және экологиялық кепілдіктер); (ii) жобаны іске асырудағы ОД-нің рөлін айқындау; (iii) ОД-нің шағымдармен қалай жұмыс істейтінін түсіндіру – түсіндіруі, мәселеге жауап қайтаруы және нақты мерзімдерді белгілеуі; және (iv) болашақтағы корреспонденциямен және ақпаратпен алмасуды үйлестіру, міндеттер туралы ақпарат беру. ҰЕҰ АДБ учаскесінің, ЖАДО мониторингіне тартылған барлық ұйымдардың профильдеріне өкілдік етеді. ЖАДО осындай профильдерді ОД-не кеңес жүргізілуден бұрын аударарды және ұсынады. ҰЕҰ сондай-ақ кеңес жүргізуден өзінің не күтетінін тұжырымдайды және ұсынады, сондай-ақ ОД-нің кеңес жүргізуге дайындалуы үшін ЖАДО-дегі сұрақтар мен мәселелердің тізімін ұсынады. Мұндай кеңес жүргізу Таразда өткізілуі тиіс.
- **3-кеңес жүргізу** АДБ ОД-нің, Автомобиль жолдары комитетінің және АДБ учаскесінің мониторингімен шұғылданатын ҰЕҰ қатысуымен. Мұндай кеңес жүргізудің мақсаты болатындар: (i) ОД-нің рөлі мен міндеттерін түсіндіру (іске асыру кезінде, әлеуметтік және экологиялық кепілдіктер мен КАРМ рөлін қоса); (ii) жобаны іске асыру кезіндегі ККМ-нің және Автомобиль жолдары комитетінің рөлі мен міндеттерін айқындау; (iii) жобаны іске асыру кезінде ҰЕҰ-ның рөлі мен өзіне алған міндеттерін түсіндіру; және (iv) осындай міндеттер шеңберіндегі ынтымақтастықтың тәсілін келістіру. Мұндай кеңес жүргізудің ең ыңғайлы жері Тараз болады.

### С. Ұсынылатын график

Тармақ	Күні
Орыс және қазақ тілдеріне аудару үшін Қарастыру және бағалау туралы есепті ағылшын тілінде дайындау.	29 қаңтар 2010 ж.
ҚБЕ-ін орыс және қазақ тілдеріне аудару және оларды тексеру	5 ақпан 2010 ж.
ҚБЕ-ін электронды пошта және тапсырыс хаты арқылы тараптарға жөнелту	8 ақпан 2010 ж.
ҚБЕ-ін арыз берушілермен талқылау (ЖАДО тобы арыз берушілермен Жаңатұрмыста кездеседі)	12 ақпан 2010 ж. – бұл күн арыз берушілермен расталуы тиіс
<b>Мерзімдер Есептілік тетігі жөніндегі АБД Саясатына сәйкес</b>	
Арыз берушілер үрдісті жалғастыру туралы шешім қабылдайды – 7 күн <sup>1</sup>	19 ақпан 2010 ж. - бұл күн арыз берушілермен расталуы тиіс



Тараптар ҚБЕ бойынша комментарийлерін ұсынады – Есептілік тетігі жөніндегі АБД Саясатына сәйкес кеңес жүргізу үрдісін жалғастыру туралы арыз берушілер шешім қабылдаған күннен бастап 14 күн <sup>2</sup>	5 наурыз 2010 ж. – расталуы тиіс
Делдал тараптармен бірлесіп іс-әрекеттер жоспарын әзірлейді Нәтижесі: іс-әрекеттер жоспарымен келісу	2010 ж. ақпанның соңы/наурыздың басы
Іс-әрекеттер жоспарын орындау	Анықталуы тиіс

<sup>1</sup> Арыз берушілер 7 күндік кезеңнен бас тарту туралы шешім қабылдай алады және комментарийлерін 12 ақпан 2010 ж. ұсынады. Мұндай жағдайда ЖАДО бірден ОД-не хабар береді және олардың комментарийлерін сұрап алады.

<sup>2</sup> Үкімет пен АДБ сондай-ақ 14 күндік кезеңнен бас тарта алады немесе үрдісті тездету үшін оны қысқарта алады.

29. ЖАДО кеңес жүргізулерді ұйымдастырады және көмектеседі, және келісімдерді құжаттандырады. Арыз берушілер өздерінің кеңес жүргізу үрдісін жалғастыратыны-жалғастырмайтыны туралы шешім қабылдағаннан кейін ЖАДО ККМ/Автомобиль жолдары комитетінен және АДБ ОД-інен комментарийлерін сұрайды. Барлық мүдделі тараптардан мәлімет алып болғаннан кейін ЖАДО мақсаттарды және кеңес жүргізулердің күн тәртібін анықтауды аяқтайды. ЖАДО көрнекі құралдар мен басқа да қажетті материалдарды дайындауға көмектеседі. ЖАДО арыз берушілердің 1-Кеңес жүргізуге қатысуының көлік шығындарын өтейді.

### ҰСЫНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Диалог үрдісіне қатысатын барлық тараптардың өзара әрекет етуі үшін келесі шаралар ұсынылады:

- (i) Бір уақытта бір адам ғана сөз сөйлейді. Адам сөз сөйлеп жатқан кезде оның сөзін ешкім бөлмейді;
- (ii) Әрбір қатысушы делдал оған сөз бергенше күтеді;
- (iii) Әрбір қатысушы өз пікірін немесе өз ұйымының пікірін білдіреді, және басқалар үшін сөз сөйлемейді;
- (iv) Уақыттың шектеулі екенін ескере отырып және барынша қатысуды қамтамасыз ету үшін тараптар өз комментарийлерін қысқа әрі нұсқа айтады;
- (v) Барлық ұялы телефондар өшірілген немесе шусыз режимге ауыстырылуы тиіс;
- (vi) Келіспеушілік жағдайында тараптар басқалардың жеке тұлғасына емес, сұрақтарға назар аударады; қатысушылар қарсы сөйлеуден өзін-өзі тоқтатады және басқалардың көзқарастарына құлақ асады;
- (vii) Қатысушылар бір-біріне құрметпен қарайды, бос сөздерден өздерін аулақ ұстайды және мақсатты әрі конструктивті талқылауды ұстанады;
- (viii) Конструктивті және перспективті шешімдерді табу керек, сондықтан қатысушылар ой-пікірлерге асығыс баға бермеуге тырысады, ұсыныстарды жетілдіре түсу жолдарын іздейді және объективті болуға тырысады;
- (ix) Тараптар интервью бермейді, бұқаралық ақпарат құралдарында мәлімдемелер жасамайды, және өз үндеулерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізуге тырыспайды;
- (x) Барлық қатысушылар негізгі ережелерді қабылдағаннан кейін делдал негізгі ережелерді енгізуге көмектеседі.

Тараптар негізгі ережелерді талқылауы және келісімдерін беруі, іс-әрекеттер жоспарын әзірлеп жатқан кезде жаңа шарттар қосуы немесе немесе алып тастауы немесе оларды өзгертуі тиіс. Егер тараптар өзгерістер қажет деп тапса, негізгі ережелерді кез келген уақытта қайта қарастыруға болады.